

Егемен Қазақстан

Жаны дара Жандарбек

Жеке адамның да, мемлекеттің де өр рухы тасыған кездері мен тарихи сәттері болады. Адам баласының өр рухы отбасындағы тәрбиемен, еңбекпен көнекөз қариялардың баталы сөздерімен қалыптасады. Ал мемлекеттің рухы Өнұраны, Туы, Елтаңбасы арқылы асқақтап, ел мерейін асыратыны белгілі. Бүгінгі біздің Елтаңбамыз да ел тарихының тереңінен тамыр тартып, ұлтымыздың рухын асқақтатып, шаңырағымыздың беріктігін паш етіп, республикамыздың қанатты тұлпардай ұшқырлығын айғақтап келеді. Сол ұлттық рәміздеріміз қабылданған күннен бастап Жандарбек Мәлібеков есімі иісі қазаққа, қазақстандықтарға кеңінен танымал болды.



Қызылорда облысындағы Жаңақорған ауданының Екпінді ауылында дүниеге келген Жандарбектің әкесі теміржолшы болған. Пойыздардың жүрісіне қарап елегізіп өскен бала әке-шешесінен жастайынан жетім қалады да, ағайындарының отбасында өседі. Соғыстан кейінгі балалардың ауыр өмірі Жандарбекті де айналып өтпеген еді. Қым-қуыт тіршілікпен өскен жас өрен ауыл мектебін бітірер тұста көп ойланады. Не керек, ақыры оқимын деп шешім қабылдап, алдына сәулетші боламын деген үлкен бір мақсат қояды. Мектепте оқып жүргенде қабырға газеттерін шығарып, сурет салып, қатарларының арасында көзге түсіп, сәулет өнеріне деген сүйіспеншілігін өн бойынан байқата алады.

1959 жылы мектепті бітірер тұста Жандарбек өз ауылының бір адамына жалданып он мың кесекті (бір кесек – бір сом) бір өзі құйып, 10 мың сом ақша табады. Сондағы бар арманы Ташкент қаласындағы П.Беньков атындағы Көркемсурет училищесінде оқу болатын. Ондағы ағамызды қызықтырған нәрсе сол оқу орнының тегін тамағы мен жататын жері еді. Бірақ кесек құямын деп жүріп құжат тапсырудан кешігіп қалған. Құжат қабылдау мерзімі өтіп кеткендіктен, барар жер, басар тауы жоқ Жандарбек ұзақ ойланады. Ауылға қайтқанмен онда күтіп тұрған ештеңе жоқ. Не керек, пойызға Аралдан мініп Ташкентке бара жатқан студент балалардың айтқан сөздеріне тоқтайды. Ол балалар училищеге оқуға түсе алмасаң, Ташкент политехникалық институтының Сәулет өнері деген факультеті бар, соған тапсырып көр. Мүмкін, түсіп кетерсің, деп айтқан болатын. Ташкент қаласынан сұрастырып жүріп оқу орнын да тауып алады. Құжаттарын тапсырған соң жатақханасынан орын алып жайғасады да, пысық, еңбекқор жас жігіт Ташкент базарында жалданып жұмыс жасайды. Тәуекел деп емтиханға дайындалып, жеті емтиханды да сәтті тапсырып, оқуға түседі.

1965 жылы жоғары оқу орнын ойдағыдай аяқтағаннан кейін еңбек жолын Ташкент қаласында бастайды. 1965 жылы Ташкент қаласындағы бас ғылыми-инженерлік қала құрылысын жобалау институтын да қала құрылысы шеберханасының жетекшісі, кейіннен бас сәулетші болды. 2001 жылы елге оралғанға дейін өзбек ағайындардың сәулет-құрылыс өнерінің дамуына айтарлықтай өз үлесін қосты. Халықаралық көп теген конкурстарға қатысып жеңімпаз да, жүлдегер де болды. Қарақалпақстанның астанасы Нөкіс қаласының орталығын абаттандыруға орай 1982 жылы өткізілген КСРО аумағындағы байқауда бірінші орын алып, туындылары қаланы безендіру жұмыстарына енгізілді. 1980- 1990-жылдары КСРО бойынша өткізілген бірнеше сәулет-құрылыс байқауларының жеңімпазы атанды. Наманған, Самарқанд, Әндіжан, Ферғана, Ташкент қалаларының орталықтарын безендіру бойынша өткізілген бәйгеде еңбегі көптеген сыйлықтарды иеленді. Әндіжан қаласындағы әуежайдың, Ташкенттегі үкімет қонақ үйінің, Ферғанадағы облыстық поштаның, Самарқандтағы облыстық әкімшілік үйінің, Ташкенттегі драма театр мен Орталық кітапхана ғимараттарын, Ангрен, Ферғана және Самарқанд қалаларындағы бір қатар тұрғын үйлер мен аудандардың сәулет-құрылысын жобалауға белсене қатысады.

Жандарбек Мәлібекұлының сәулет-құрылыс саласындағы тағы бір ерен еңбегі Ташкенттегі Қазақстанның төрт қабатты елшілік ғимаратының жобасын жасап шыққаны еді. Құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың арнайы барып ашқанын ол мақтан тұтады. Ташкенттегі көрікті ғимараттардың бірі Қырғызстан ел шілігінің де жобасын жасаған. Астанадағы «Нұр Астана» мешітінің негізі Жандарбек ағамыздың сызбалары бойынша дайындалған.

Жандарбек Мәлібековтің тағы бір үлкен жұмыстарының бірі – Ташкенттегі Төле бидің (Қарлығаш би) басына орнатылған мешіттің сәулеттік жобасы мен құрылысын жасағаны еді. Төле би бабамыздың атын алғаш мрамор тасқа Шейх Хованды Тахур – Төле би (Қарлығаш би) махпарасы деп жазып қалдырған осы Жандарбек ағамыз-тұғын. Кезінде Өзбекстан Мәдениет министрлігіндегі ескерткішті қорғау комитеті Төле бидің кесенесі екендігіне күмән келтірген кезде, Жандарбек ағамыз З.Захидов, Г.Пугаченкова сияқты археологтармен жүздесіп, Төле би кесенесінің күмбезді-шатырлы болып келгенін архитектура түсінігі бойынша тарихи тұрғыдан дәлелдеп берген.

Бүгінде барша қазақстандық Жандарбек Мәлібековтің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының авторы екенін жақсы білері анық. Жандарбек ағамыз 1992 жылы мемлекеттік рәміздерге жарияланған конкурс туралы хабарландыруды көргеннен кейін Тәуелсіз Қазақстанның Елтаңбасын жасау жұмыстарына белсене кіріседі. Барлық мемлекеттердің елтаңбаларын (гербтерін) қарап шығып, қазақтың өмір тіршілігімен салт-дәстүрін әспеттейтін жақсы дүние жасап шығарды. Мемлекеттік Елтаңба 1992 жылдың 4 маусымында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен тұсаукесері өтіп, қабылданған болатын.

Жандарбек ағамыздың осыншама жетістікке жетуіне ол кісінің үйіндегі Ақшәйі апамыздың да үлесі бар. Жандарбек аға апамызбен Қызылорда қаласындағы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттың филология факультетін ағылшын тілі мамандығының соңғы курсына оқып жүргенде танысқан екен. Жамбыл Жабаев атындағы ауыл мектебінде практикадан өтіп жүрген кезінде сөз салған. Ташкентте жұмыс істеп жүрген жас маман Жандарбек Ташкент – Москва пойызымен бір жыл қатынап тұрған көрінеді. Жұма күні кешке Қызылордаға қарай жолға шығып, демалыс күні кешке Ташкентке қарай қайтады. Әр аптаның басында дүйсенбі күні Ташкентке жұмысына кешігіп барады да, бастығынан сөз естиді. Бастығы: «Содан басқа қыз құрып қалды ма, осы жерде де қазақ қыздары көп қой, неге біреуін алмайсың», деп сөгетін көрінеді. Ақшәйі апамызға аңсары ауған Жандарбек ағамыз ішінен уақыт көрсетеді деп жұмысына кірісіп кетеді екен. Көп ұзамай екі жас отау тігіп, бүгінде елу жылға жуық отасқан мерейлі отбасыға айналды.

Қазіргі таңда Жандарбек ағамыз – Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. Жұбайы Ақшәйі екеуінің Серік, Нұрлан,

Досжан атты үш ұлынан он шақты немересі бар. Серік пен Досжан әкелерінің жолын жалғастырып келеді.

Жандарбек Мәлібековтің сәулет-құрылыс саласындағы көп жылғы ерен еңбегі ескеріліп, мемлекет тарапынан «Құрмет» орденімен марапатталған. Қазақстан және Өзбекстан Сәулетшілер одағының мүшесі, Өзбекстан мемлекетінің еңбек сіңірген сәулетшісі.

КАРИМОВ Сүндет